



ЕЛІМІЗДЕ ІШКІ КӨШІ-ҚОН АҒЫНЫ ТҰРАҚТАНДЫ

ЖЫЛ САЙЫН ҚР-ДАҒЫ ШАҒЫН ҚАЛАЛАР МЕН АУЫЛДАРДАҒЫ 1000 МЕКТЕПТІ ЖАҢҒЫРТУ



виза алуына қажетті төменгі шекті азайту қарастырылып отыр.

«Сонымен қатар А-6 деп аталатын ұзақ мерзімді жаңа инвесторлық виза түрі енгізіліп жатыр. Мұндай виза иелеріне еліміздің аумағында 10 жылға дейін тұрақты тұру үшін ықтиярхат алу құқығы беріледі. Ал шетелде табысты бизнестері бар этностық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын беру тәртібі бекітілді», — деді Т. Дүйсенова.

Бүгінде «Отандастар» қоры қолында кәсібі бар, елге «Ата жолы» картасы аясында келгісі бар шетелдік 50 қандасымызды анықтап, қажетті жұмыс жүргізіліп жатыр.

Үшінші бағыт — Қазақстанға шетелден білікті мамандар тарту. Биыл 1 шілдеден бастап орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі бекітіліп, нақты жұмыс басталды. Енді осы тізімдегі мамандығы бар шетелдіктер елімізде тұрақты тұруға ықтиярхат алу үшін жеңілдетілген тәртіппен өтініш бере алады. Сондай-ақ рұқсат берудің жаңа қағидалары қабылданды. Оның басты жаңалығы — енді бір рұқсатнамамен бірнеше өңірде жұмыс істеуге болады.

Вице-премьердің сөзіне сүйенсек, осы жылы шетелдік мамандардың квотасы 22 мың көлемінде бекітілді. Есепті кезеңде 10 мыңға жуық шетелдік маманға жұмыс берушілердің қажеттілігіне сәйкес мамандарға рұқсатнамалар берілді. Өздеріңізге белгілі, рұқсатнамалар берудің негізгі шарты мұндай мамандардың ел еңбек нарығында болмауы және жұмыс орынында қазақстандық мамандардың үлесі 95%-дан төмен болмауы қажет.

Төртінші бағыт — этностық иммиграция шеңберінде 1 шілдеден бастап Қазақстанның консулдықтары шетелдегі қандастарымыздың өтініштерін «Бір терезе» қағидаты бойынша қарай бастады. Қандастарды елге қоныстандырудың жаңа алгоритмі жасалып, ол 4 санат бойынша жүргізіле бастады:

Біріншіден, жұмыс берушілердің сұранысы бойынша қажетті кәсіп иелерін тарту. Мұндай сұраныс жұмыс күші жетпей жатқан барша өңірлердің жұмыс берушілерінен түсуі мүмкін, бұл ретте қандастарымыз сол жұмыс берушінің локациясындағы өңірге жіберілетін болады.

Екіншіден, қандастарымыздың атанасы немесе балалары ертерек келіп, азаматтық алып, белгілі бір кәсіппен шұғылданып жүрген болса, онда шетелдік қандастарымыз отбасы тұрып жатқан жерге олармен қауышу мақсатында көшіп келуі мүмкін.

Үшіншіден, өңірлер өз территориясында даму әлеуеті бар елді мекендерді анықтап, сол жерлерге демографиялық үдерісті күшейту мақсатында қандастарымызды шақыруы мүмкін.

Төртінші санат — Үкімет айқындаған өңірлерге жолдама беру. «Айта кететін жайт, әлеуметтік пакет тек төртінші, яғни Үкімет айқындаған өңірлерге жолдама алған қандастарымызға ғана беріледі. Жыл басынан бері Қазақстанға 13,5 мыңнан астам

қандас бауырымыз оралды, оның 8,5 мыңы еңбекке қабілетті азаматтар. Олар әлеуметтік қолдау және бейімдеу, жұмысқа орналастыру шараларымен қамтылған», — деп атап өтті ведомство басшысы.

Бесінші бағыт — шетелде еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарының еңбек құқықтарын қорғауға қатысты. Сыртқы істер министрлігінің деректеріне жүгінсек, биылғы бірінші тоқсандағы есеп бойынша Қазақстанның 194 мыңнан астам азаматы шетелде жұмыс істеп жүр. Біз Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Ұлыбритания және басқа да елдермен ондағы Қазақстан азаматтарының еңбек құқықтарын қорғайтын жаңа келісімдерге бастамашылық ету үшін қосымша шаралар қабылдадық. Азаматтарымыз Оңтүстік Кореяда жұмысқа заңды түрде орналасуы үшін Қазақстанды «Еңбекке рұқсат беру жүйесіне» (Employment permit System — EPS) қосу мәселесі пысықталып жатыр.

Бұл жұмысты өңірлерде жаңадан құрылған еңбек ұтқырлық орталықтары жүзеге асырып келеді.

Алтыншы бағыт — жұмыс күші көп өңірлер мен жұмыс күші жетпейтін аймақтар арасындағы демографиялық айырманы теңестіру үшін ішкі ұтқырлықты ынталандыру жұмыстары.

Биыл «Серпін», «Ауыл Аманаты», «Ауыл — Ел бесігі», «Дипломмен ауылға» сияқты бағдарламалар арқылы 33 мыңнан астам адамға мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бұл санаттағы азаматтарды қолдау үшін — экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілді. Көшіп келушінің жұмыс беруші рәстайтын жұмыс орны болған жағдайда, бұл азаматқа тұрғын-үй құнының 50%-ы мөлшерінде, бірақ 4 млн теңгеден аспайтын сертификат берілетін болады. Бүгін осындай сертификатты 22 отбасы алып үлгерді. Экономикалық ұтқырлық сертификаттарын берудің оң нәтижесі қазірдің өзінде байқалып отыр. Жыл соңына дейін солтүстік өңірлерге тағы 4,5 мың адамды қоныстандыру жоспарланып отыр.

Жетінші бағыт — босқындармен жұмыс. Биылғы 1 шілдедегі мәлімет бойынша елімізде 628 пана іздеуші және 333 босқын бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының Орталық Азиядағы аймақтық басқармасымен бірлесіп, жоғары айтылған азаматтардың әлеуметтік құқықтары қорғалуын қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету шаралары әзірленді.

Көші-қон үдерісін реттеу жүйесін цифрландыру басым бағыттардың бірі болып саналады. Бүгін көші-қон ағындарын есепке алу бірнеше мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде жүргізіліп келеді. Сондықтан мигранттарды тіркейтін бірыңғай жүйені құру мақсатында жүйелердің бәрін өзара интеграциялауға кірістік.

«Қазірдің өзінде Ресей Федерациясы, Моңғолия, Түркіменстандағы мекемелеріміз үшін «Қандас» атты жаңа функционалды автоматтандырылған ақпараттық жүйе іске қосылды. Бұл жаңа функцияға тағы да 26 елді қосу жоспарлап отырмыз. Көші-қон саясатын орындаудың алғашқы қорытындылары осындай», — деді спикер.



Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабта шағын қалалардағы, аудан орталықтары мен ауылдардағы мектептерді заман талабына сай жаңғырту, білім беру ұйымдарын қауіпсіздік жабықтарымен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан биыл 1000 мектепті жаңғырту кезделіп отырғанын айтты. Бұған күрделі жөндеу, пән кабинеттерін жабдықтау, мектеп жиһаздарын жаңарту, кітапханаларды, асханалар мен қауіпсіздік жағдайларын жақсарту кіреді. Бүгінгі таңда 567 мектепте жұмыс аяқталды.

Бұл ретте биыл 1000 заманауи пән кабинеттерін (робототехника, химия, биология немесе физика) ашу жоспарланған. Қазір 16 өңірдегі 290 мектепте осындай 543 кабинет жабдықталған. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Сондай-ақ ол тамыз айының басындағы жағдай бойынша 74% білім беру ұйымдарының (мектептер, колледждер, мектепке дейінгі мекемелер) бейнебақылау камералары ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосылғанын хабарлады. Білім беру ұйымдарының 79%-ы лицензиялық күзетпен, 78%-ы дабыл түймешесімен, 64%-ы турникпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттардағы жұмыстарды жүргізуге қажетті қаражат бөлінді, облыс әкімдіктері жақын арада жұмысты аяқтауы керек.

Сондай-ақ қабылданған шаралар туралы ішкі істер министрі Марат Ахметжанов, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин баяндады. Өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды және Алматы облысының әкімі Бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахымов айтты.

Премьер-Министр өңірлерде көптеген балалардың сапалы білімге қол жеткізе алмай отырғанын атап өтті. Өсіресе Алматы, Маңғыстау, Алматы және Түркістан облыстарындағы күрделі жағдай қалыптасып отыр. «Ауыл мектептерінде талапқа сай жабдықталған кабинеттердің жетіспеуіне байланысты физика, химия, биология пәндері бойынша көптеген зертханалық және тәжірибелік жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмейді. Мұндай мектептер педагогтерді де, оқушыларды да тартпайды», — деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, жағдайды жақсарту және ауыл мен қала арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты азай-

ту үшін жыл сайын 1000 мектептен жаңғыртып отыру қажет. Алайда Оқу-ағарту министрлігі жергілікті жерлерде осы міндеттерді шешу бойынша үйлестіру жұмыстарын тиісті деңгейде қамтамасыз етпей отыр.

«Мектептерді жаңғыртудың нақты стандартталған талаптары бекітілмеген. Әр мектеп жаңғыртуды өз бетінше түсінеді, өздеріне қалай ыңғайлы, солай бұрып алады. Мектепті кешенді жаңартудың орнына бір немесе екі жұмыс түрі бойынша (ағымдағы жұмыс, асхананы, кітапхананы жаңарту) есеп береді. Мектеп қабырғасын әкесе болды — жаңғырту жүргізілді, есеп беруге болады деп ойлайды. Нәтижесінде жергілікті жерлерде не оқушылар, не ата-аналар, не қоғам өз мектептеріндегі көзге түсетін өзгерісті байқмайды», — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы мұндай есеп беру үшін жасалған формальды тәсіл білім берудің сапасын жақсартуға, мектептерде жайлы жағдай жасауға мүмкіндік бермейтінін атап өтті.

Оп білім беру объектілерін қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету жұмыстарында да осындай жауапсыздықтың орын алып отырғанын айтты.

«Қауіпсіздік талаптары бойынша бейнекамералардағы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 күн болуы керек, бірақ бұл барлық мекемелерде орындала бермейді. Оқу-ағарту министрлігі мен Ішкі істер министрлігі тарапынан білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті сақтау талаптарына тұрақты мониторинг жүргізілмейді. Нәтижесінде камераларды, турниктерді, дабыл түймешелерін есепке алу және оларды жедел басқару орталықтарына қосу тәртібі жоқ», — деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр білім беру мекемелерін кешенді жаңғырту бойынша стандартталған талаптарды және бақылау механизмдерін әзірлеуді және бекітуді, сондай-ақ 15 тамызға дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептердегі бейнебақылау камераларына толықтай инвентаризация жүргізуді тапсырды.

«Жедел басқару орталықтарына қосуға жатпайтын мектеп санын нақты айқындау қажет, бірақ олардың қауіпсіздігін бақылау механизмдерін пысықтау керек. Жаңа оқу жылына дайындық тақырыбын, оның ішінде осы мәселелерді де біз таяу уақытта Үкімет отырысында қарастыратын боламыз», — деп тұйіндеді Әлихан Смайылов.

ЕЛІМІЗДЕ ІШКІ КӨШІ-ҚОН АҒЫНЫ ТҰРАҚТАНДЫ

Т. Дүйсенова сөзінің соңында негізгі заңнамалық актілер толық қабылданғанын, ендігі жерде көші-қон тұжырымдамасын неғұрлым тиімді етіп өзгертуге және ел экономикасының мүддесіне барынша пайдалануға бағытталған жұмыстар атқарылатынын айтты.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру иммиграциясына қатысты бес бағыт, бір нысаналы индикатор көзделген: академиялық ұтқырлық және шетелдік ғалымдарды тарту, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп, филиалдар мен кампустар құру, сондай-ақ жоғары оқу орындарын аккредиттеу жүйесін жаңғырту. Бұл туралы ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлім етті.

Жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен 570 студент академиялық ұтқырлық шеңберінде әлемнің 82 жетекші жоғары оқу орындарына оқуға (бір семестрге) жіберіледі. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының бюджеттен тыс қаражаты есебінен жыл сайын орта есеппен 1500 студент оқиды. Сондай-ақ жетекші шетелдік ғалымдарды тарту жүзеге асырылуда. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жыл сайын 200 шетелдік ғалым тартылады.

«Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – студенттермен, оқытушылармен және ғалымдармен академиялық алмасу, бірлескен ғылыми жобалар мен академиялық бағдарламаларды іске асыру. Бүгінгі таңда 90-нан астам ЖОО 1500-ге жуық ғылыми жобаны, 181 қос диплом бағдарламасын және 62 бірлескен білім беру бағдарламасын іске асырып отыр», — деді министр.

Министрлік шетелдік университеттермен бірлесіп, заманауи кампустары бар салалық университеттер құру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру мақсатында Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің 2023-2027 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді, оның шеңберінде инженерлік білім мен ғылымда жаңа технологиялардың ғылыми-зерттеу хабын құру көзделген.

Алматы облысының әкімдігімен бірлесіп, Қонаев қаласында инновациялық орталық пен жаңа заманауи университеті бар академиялық қалашық құру, сондай-ақ Алматы жоғары оқу орындары мен колледждерінің филиалдарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жезқазған қаласында Техникалық университетті ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Негізгі стратегиялық әріптес канадалық жоғары оқу орындары болады. Қазіргі уақытта

15 канадалық университетпен (University of New Brunswick, University of Calgary, Kwantlen Polytechnic University) келіссөздер жүргізілуде.

Зерттеу экожүйесін қалыптастыру және жоғары оқу орындарының серпінді технологияларын дамыту мақсатында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін зерттеу университетіне, ал С. Әтебаев атындағы Атырау Мұнай және газ университетін индустриалды университетке трансформациялау жұмыстары жүргізілуде.

Министрлік қызметінің маңызды бағыты – стандарттар мен рейтингтер жүйесін жетілдіру арқылы білім беру сапасын арттыру. Жалпы алғанда және әрбір білім беру ұйымында жүйе деңгейінде педагогикалық білім беру сапасын арттыруға



бағытталған Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандартының жобасы әзірленді.

Президентіміз 2025 жылға дейін келешекте елімізде 5 жетекші ЖОО-ның филиалын ашу бойынша тапсырма берген болатын.

«Сондай-ақ біз алғаш рет Times Higher Education агенттігімен бірлесіп Жоғары оқу орындарын саралаудың ұлттық жүйесі жобасын әзірледік. ҚР жоғары білім беру жүйесін дамытудың өзекті мақсаттары мен міндеттерін ескеретін әдістеме әзірленді. Ұлттық Рейтинг, ең алдымен, талапкерлер мен ата-аналарға болашақ мамандықты таңдағанда, әсіресе шетелдік студенттер үшін қажет. Екіншіден, жұмыс берушілерге кадрларды даярлау жүйесінің дамуына ықпал ету және жоғары оқу орындарымен әріптестік қатынастарды дамыту мүмкіндігі болуы тиіс. Үшіншіден, аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер қажет», — деп атап өтті С. Нұрбек.

Рейтинг әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктері (QS, THE, CWUR және т.б.) пайдаланатын индикаторлар мен көрсеткіштерді қамтитын жоғары оқу орындарының білім беру-ғылыми қызметін кешенді бағалауды қамтиды. Ұлттық рейтингті қалыптастыру цифрлық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады.

Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын құру бойынша да үлкен жұмыс жүргізіліп отыр.

2022 жылы:

– Алматы қаласында De Montfort University филиалы;

– әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы;

– С. Әтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И. Губкин атындағы Ресей мұнай және газ университетінің филиалы;

– М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Аризона университетімен стратегиялық әріптестігі құрылды.

2023 жылы:

– Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті базасындағы Хериот-Уотт университетінің (Шотландия) филиалы;

– Шәкәрім университеті базасындағы Экономика университетінің (Польша) филиалы;

– Есенов университетінің базасында Неміс жоғары оқу орындарының консорциумы құрылып, Неміс инженерлік институты;

– Алматы қаласында ұлттық ирригация инженерлерін дайындайтын «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механизацияландыру инженерлері институты» филиалы ашылады.

Келесі жылы елімізде 5-6 мықты жетекші оқу орындарының филиалдары ашылмақ.

Ішкі істер министрлігі Көші-қон саясаты тұжырымдамасын

орындау барысында бірқатар іс-шара атқарды. Бұл туралы ведомство басшысы Марат Ахметжанов хабарлады.

Бірінші, елімізде тұрақты тұру рұқсаты елге, экономикаға пайдалы мамандарға оңай тәртіплен беріледі. Мысалы, IT, ғылым, денсаулық және өндіріс саласының кәсіби шеберлері. Екінші мәселе – ол виза алуды жеңілдету. Бұл түзету – еліміздің экономикасына \$300 мыңнан көп инвестиция салған шетелдіктерге қатысты болады.

Келесі бағыт – азаматтық туралы заңнаманы жетілдіру. Қазақстан азаматтығын алу шартының бірі – мемлекеттік тілді, тарихты және Конституцияны қарапайым деңгейде білу. «Ол біздің мәдениет пен дәстүрді тануға, яғни қоғамға қиналмай бейімделуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, қос азаматтық фактілеріне қарсы заңнаманы күшейту жоспарланған. Егер Қазақстан азаматы басқа елдің азаматтығын растайтын құжатты алса немесе пайдаланса, онда біздің азаматтықтан дереу шығарылады. Бүгінгі күні заңнамада мұндай шектеу жоқ. Бұл жоба Үкімет пен Президент Әкімшілігімен мақұлданды. Көші-қон саласындағы заң жобасы Парламент Мәжілісіне енгізілді», — деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, Тұжырымдама, бақылауды өлсіретпей, біздің елде жұмыс істегісі келетін шетелдік мамандар үшін көші-қон рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Павлодар облысы әкімінің орынбасары А. Құрманова келтірген ақпарат бойынша Көші-қон тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде өңірге 16 мыңнан астам адам келген. Еңбекке қабілетті жастағы қоныс аударушылардың 75%-ы әлеуметтік салада және аграрлық секторда бос жұмыс орындарына орналастырылды, сондай-ақ, 96 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысып отыр. Бүгінгі таңда, қоныс аударушылардың жалпы санының 6%-ға жуығы немесе 930 адам әр түрлі себептермен өз өңірлеріне оралды.

Қоныс аударушылар мен қандастарды қолдау ретінде өңірімізде «Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы» ашылды. Орталықта құқықтық, заңгерлік сипаттағы консультациялық қызметтер көрсетіліп, тілдер оқытылады. Сонымен қатар 60 орындық уақытша тұруға арналған жатақхана қарастырылған.

«Осы жылдың 7 айында облысқа 2145 адам келіп, арнайы квотаға енгізілді. Өңірге келген барлық қоныс аударушылар мен қандастарға қолдау шаралары толық көлемде көрсетіледі. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар тұрақты бақылауда», — деп түйіндеді сөзін спикер.

primeminister.kz

ӨНІРДЕ ТҰРҒЫНДАРҒА 120,9 МЫҢ ТОННА КӨМІР САТЫЛДЫ



Жетісу облысында 38 көмір түйығы мен қоймалары жұмыс істейді. Оларда бүгінгі күні 31,8 мың тонна көмір бар. Тәулігіне орташа есеппен 12 вагон 828 тонна көмір жеткізілуде.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметіне қарағанда, 2023-2024 жылғы жылыту маусымында халыққа қажетті көмір көлемі - 453,8 мың тонна. Бүгінгі күнге тұрғындарға 120,9 мың тонна көмір немесе 27% сатылған.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ҰК» АҚ тарапынан халыққа көмір дайындау жоспарының орындалуына күнделікті мониторинг жүргізіледі.

Темір жол қатынасы жоқ аудандарға көмірді автокөлікпен тасымалдау ұйымдастырылды.

«Аудан, қала әкімдіктері қолайлы ауа райында көмір сатып алу туралы халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Жергілікті әкімдіктердің ақпараты бойынша көмірдің орташа бағасы 17 200-18 200 теңгеге құрайды. Темір жол қатынасы жоқ аудандарда баға 25 000-26 500 теңгеге дейін жетеді (Ақсу және Сарқан аудандарында)», - делінген басқарманың хабарламасында.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияда теміржол тасымалы және денсаулық сақтау саласындағы кейбір кәсіпорынды мемлекет меншігіне қайтару мәселелері қаралды.

Үкімет басшысына теміржол инфрақұрылымының бірқатар нысанын мемлекет меншігіне қайтару барысы туралы баяндалды, оларды бәсекеге қабілетті ортаға беру туралы мәміле сот тарапынан жарамсыз деп танылды.

Атап айтқанда, сеніп тапсырылған мүлікті ысырап ету фактілері анықталды. Қылмыстық іс аясында тергеу органдары түпкілікті процессуалдық шешім қабылданғанға дейін ҚТЖ басқармасына бере отырып, активтерге тыйым салды. Мүлік кешенін қорғау қамтамасыз етілді.

Премьер-Министр республиканың басқа өңірінде ұқсас нысандар бойынша

жұмысты күшейтуді тапсырып, тиісті кәсіпорындар қызметкерлерінің барлық технологиялық процесі мен қызметін сақтаудың маңызын атап өтті.

Сонымен қатар отырыста денсаулық сақтау саласындағы ұйымды республика меншігіне қайтару мәселесі қаралды.

Алдын ала мәліметтер бойынша активті басқаруды өз мойнына алған жекеменшік компания ұзақ уақыт бойы өз функцияларын орындамай келген және келісілген инвестициялық бағдарламаның шарттарын бұзған.

Талқылау қорытындысы бойынша басқару тиімділігіне тексеру жүргізу үшін ведомствоаралық комиссия құру туралы шешім қабылданды. Оның нәтижелері бойынша шартты бұзудың және активті мемлекет меншігіне қайтарудың дұрыстығы туралы шешім қабылданатын болады.

primeminister.kz

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ: БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ТҮСКЕН ЖАРНАЛАР 39 МЛН ТЕҢГЕҮІ ҚҰРАДЫ



«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Гүлзия Таипова атап өткендей, ағымдағы жылдың 6 айында өңір бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлердің аударымдары мен жарналарының жалпы сомасы 39 млн теңгені құрады.

Республика бойынша өткен жарты жылда түскен жарналар сомасы 590,8 млрд теңге.

ала бір жылға сақтандыру мәртебесін қалай алуға болады?

Әр айға жеке-жеке 3 500 теңгеден, яғни 12 төлем жасау керек, 2023 жылдың тамыз айынан 2024 жылдың шілде айына дейін. Бұдан бөлек, ескеретін жайт, 12 айға бір төлеммен аударуға болмайды. Себебі жүйе әр айды бөлек есептейді.

МӘМС жарналарын екінші деңгейдегі кез келген банк, банктердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары және «Қазпошта» филиалдары арқылы төлеуге болады.

Сақтандырылған азаматтар МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмек алады. Оған салалық дәрігерлердің консультациялары, түрлі талдаулар мен диагностикалық тексерулер (рентген, УЗИ, КТ, МРТ және т.б.), жоспарлы емдеуге жатқызу, медициналық оңалту, жоғары технологиялық медициналық көмекті қолдана отырып емдеу, аурулардың алдын алу және диагностикалау кіреді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ЖҰРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ



Бүгін Қазақстан Республикасының Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі З. Сүлейменова Министрліктің су тасқынына қарсы жүргізіл жатқан шаралары туралы хабардар етті.

Жыл сайын ақпан айында «Қазгидромет» РМК барлық мемлекеттік органдар мен өңірлердің әкімдіктеріне көктемгі су тасқыны кезеңіне арналған алдын ала консультациялық гидрологиялық болжамды, ал наурыз айынан бастап негізгі болжамды әзірлейді және жолдайды.

Аталған болжамдардың негізінде жалпы облыстар бөлінісінде қауіптілік деңгейі анықталады. Алдағы су тасқыны кезеңінде аталған іс-шаралар қалыпты жалғастырылатын болады.

Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республика аумағында 1478* тірек гидротехникалық құрылыстар (ГТҚ) (су қоймасы - 342, бөгет - 219, бөгет - 485, су торабы-119, тоғандар - 313) бар, оның ішінде республикалық меншікте - 333, коммуналдық меншікте - 895, жеке меншікте - 228, иесіз - 22.

Иесіз ГТҚ қатысты, біздің министрліктен жергілікті әкімдіктердің аттарына бірнеше рет меншікке алу қажеттілігі туралы хаттар жазылып келеді. Сонымен қатар, кейбір ГТҚ - ды тіркеуге алғанмен, аймақтарда басқа да иесіз ГТҚ табылып тізімге алынууда екенін ескерген жөн. Қазіргі таңда Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарындағы иесіз ГТҚ бойынша Азаматтық кодекстің 242-бабына сәйкес иесіз мүлікті коммуналдық меншікке қабылдау туралы сот талқылаулары өтуде.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 510 ГТҚ жөндеуді талап ететіні анықталды (республикалық меншікте - 37, коммуналдық меншікте - 401, жеке меншікте - 55, иесіз-17).

Сонымен қатар, 2024 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында бассейндік инспекциялар вегетациялық кезеңнен кейін ГТҚ қауіпсіз пайдалану мақсатында комиссиялық тексеру ұйымдастыратын болады.

Сондай-ақ, Республикалық баланстағы 206 ГТҚ үшін көп факторлы зерттеу жүргізу және бөгеттердің қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қажет.

2023 жылы Республикалық бюджеттен 13 объектіде көп факторлы зерттеу жүргізу мақсатында және 15 объектіде бөгеттердің қауіпсіздік декларациясын жасау мақсатында 652,7 млн.теңге бөлінді.

Сонымен қатар 2024-2026 жылдардың бюджетін қалыптастыру кезеңінде аталған жұмыстарды 31 ГТҚ жүргізу мақсатында 1524,3 млн. теңге сұраным енгізілді.

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын көп факторлы тексеру барлық сыныптар мен түрлердің және олардың негіздерінің пайдаланылатын, салынып жатқан және консервацияланған гидротехникалық құрылыстарының қауіпсіздігін бағалау мақсатында жүргізілетінін атап өту қажет.

Бүгінгі таңда «Қазсушар» РМК теңгеріміндегі 206 гидротехникалық құрылыстың 102 су тасқыны қаупі бар объектілер қатарына жатқызылды. Су басу аймағында 102 объект 296 елді мекенге жақын орналасқан, халқы 2 547 649 адам.

Сондай-ақ, су тасқыны кезеңінде қанағаттанарлықсыз жағдайға байланысты 87 су қоймасының 3 су қоймасы транзиттік режимде ((ШҚО) Қандысу және Қаракөл суқоймалары, (СҚО) Чарык суқоймалары) болды, қалған су қоймалары штаттық режимде жұмыс істеді.

Су тораптары мен су қабылдағыштар қанағаттанарлық жағдайда.

Су басу қаупін жою мақсатында Министрлік жөндеуді қажет ететін 41 ГТҚ-ны қайта жаңартуды жүргізуде. 2017-2022 жылдары 16 нысан қалпына келтірілді. Нәтижесінде 120 мыңнан астам халқы бар 19 АЕМ су тасқыны жойылды (Алматы, Ақтөбе, БҚО, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда және Түркістан облыстары).

Оның ішінде Алматы облысында жинақтау көлемі 42 млн. м3 Қызылағаш су қоймасы қайта жаңартылды. Биыл тағы 2 су қоймасы қалпына келтірілуде ((БҚО) Чар суқоймасы, Шардара су қоймасы Түркістан облысы). 5 нысанды 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда, 1 нысан техникалық қорытындыға сәйкес қанағаттанарлық жағдайда, бүгінгі күні жобаны авариялық Нысандар құрамынан шығару мәселесі пысықталуда.

Осы жобалар іске асырылған жағдайда 300 мың халқы бар 40 елді мекенді су басу қаупі мәселесі шешілетін болады.

Жалпы, су тасқыны кезеңіне дайындық «Қазгидромет» РМК болжамды деректерін ескере отырып талданатын болады.

Су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында Министрлік және оның ведомстволық бағынысты құрылымдары мынадай іс шараларды жүргізеді:

- жыл сайын «Қазсушар» РМК базасында Министрліктің жедел штабы құрылады, сондай-ақ «Қазсушар» РМК филиалдарының базасында Облыстық жедел ден қою және талдау штабы құрылады;
- кезекшілік кестесі бекітіледі, Су шаруашылығы жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіледі;
- республикалық меншіктегі барлық гидротехникалық құрылыстарда тасқын суларды апатсыз өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді және бекітіледі, объектілерді тексеру актілері мен дайындық паспорттары, сондай-ақ ТЖ туындау қаупі дәрежесі бойынша су шаруашылығы объектілерінің тізбелері жасалады;
- гидротехникалық құрылыстарды пайдалану қағидаларына сәйкес әрбір су қоймасы үшін су қоймаларын толтыруға және күтілетін түсімге байланысты режим кестелері бекітілетін болады;
- су тасқыны кезеңі басталғанға дейін пайдалану қызметтері бекітілген кестелерге сәйкес су тасқыны суларын жинақтау үшін су қоймаларындағы бос сыйымдылықтардың қажетті қорын қамтамасыз етеді;
- көрші мемлекеттерде орналасқан трансшекаралық су объектілерінде су жинақтау көлемі талданатын болады;
- төтенше жағдайлар туындаған жағдайда «Қазсушар» РМК бөлімшелері инертті материалдардың қажетті қорын дайындауда.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ ҚАУІПТІ!

Аудан тұрғындарының басым бөлігі мал өсірумен айналысады. Қазіргі кезде жеке аулаларда және шаруа қожалықтарда мал басы үнемі өсу үстінде, шетелдерден ағым шаруашылық жануарларын әкелген тұлғаларда бар. Осы орайда мал шаруашылығына орасан зор шығын келтіріп отырған, ауданда жылма-жыл кездесетін жіті және созылмалы түрде өтетін, адам мен жануарға ортақ аурудың бірі – бруцеллез ауруы.

Аурудың клиникалық белгілері - малдардың іш тастауы, ол негізінен жүктіліктің екінші жартысында байқалады, буындардың ісінуі, зәр шығару, жыныс және басқа жүйелерінің бұзылуы. Көптеген жағдайларды ешбір клиникалық белгісі созылмалы түрде де өтуі мүмкін. Жасырын өту кезеңі бірнеше айға созылумен ерекшеленеді. Қоғамдық қауіптілігіне байланысты бруцеллез қауіпті аурулар қатарына енгізілген. Жабайы және үй жануарларының көптеген түрлері сезімтал.

мүйізді ірі қара және ұсақ мүйізді малдарының - аналық және 1 жасқа толғандары жылына 2 рет (көктемде және күз мезгілдерінде) қан алу арқылы серологиялық әдіспен бруцеллез ауруына тексеріледі. Шошқа мегехіндері бруцеллез ауруына күдіктенуге негіз болған жағдайларда тексеріледі, ал еркектері жылына бір рет, жылқы бруцеллезге (бурсит) күдіктенуге негіз болатын белгілері анықталған кезде, түйе, марал, бұғы, және шаруашылықтың субъектісінің аумағында отар немесе табын маңайында мекендейтін ересек иттерді жылына 1 рет тексеру қарастырылған.

Тексеру қортындысымен оң немесе күмәнді нәтиже көрсеткен мал бастары оқшауланады. Осы орайда, мал иесіне оң нәтиже көрсеткен малды оқшаулауға және «Б» таңбасын басуға нұсқама беріледі, оны орындау мал иесінің міндеті болып табылады. Мал иесі қанды тексеру қорытындысымен таныстырылады және 15 күнтізбелік күннен кешірімей қайта өңдеу орнына өткізуге тиіс. Егер мал иесі тексеру қорытындысымен келіспеген жағдайда, аудандық ветеринариялық зертханада сақтаулы тұрған қан сарысуын қайталап тексеру жөнінде ҚР АШМ ВБЖҚ аудандық аумақтық инспекциясына және жергілікті ветеринар мамандарының шешімі негізінде қайталап тексеріледі, тексеру қортындысы беріледі. Осы тексерудің қортындысымен мал иесіне ауру малды қайта өңдеу орнына өткізу жөнінде нұсқама беріледі және 15 күннен аспайтын уақыт ішінде өткізу тиіс. Ал күмәнді нәтиже көрсеткен жануарлардан қайталап қан сынамасын алғызу жөнінде мал иесіне №1 нұсқама толтырып, округтік ветеринариялық пункт мамандары күнтізбелік 15-20 күн ішінде қайталап қан сынамасын алады. Осы уақыт аралығында күдікті мал, басқа малдардан оқшауланп жеке ұсталады. Қан сынамасының нәтиже теріс болған жағдайда, оқшауланған малдар қайтадан табынға немесе отарға қосылады, оң немесе күдікті болса қайта өңдеу орнына өткізіледі. Қайта өңдеу орнында сойылған малдардан (титрі жоғары, клиникалық белгілері бар, топтастырылған малдардың ішінен анықталғандардан) ветеринариялық станция мамандары биологиялық материал алып, полимеразды тізбектік реакциясымен табынның (отардың) зақымдалу жағдайын анықтау үшін мемлекеттік облыстық ветеринариялық зертханаға өткізеді.

Полимеразды тізбектік реакциясының қорытындысымен теріс нәтиже алған кезде, күнтізбелік 15-20 күн аралығында қан алынып, 2 рет теріс нәтижеге қол жеткізгенге дейін, қосымша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор берген нұсқама талаптарына міндетті түрде мал тұрған қора-жайға, ашық алаңдарға механикалық тазалық жұмыстарын жүргізіп, мал иесі есебінен дезинфекция, дезинсекция, дератизация жұмыстарын атқарады.

Құрметті аудан тұрғындары!!!

Адам мен жануарға ортақ бруцеллез ауруымен күрес баршамыздың міндетіміз болып табылады. Қолданыстағы аурумен күрес жөніндегі ереже талаптарын толық орындаған жағдайда, ауру мал санын азайтып, ауданның эпизоотиялық тұрақтылығын сақтауға мүмкіншілік туады, баршамызға сапалы өнім ұсынылып, мал басының өсуіне қолайлы жағдай қалыптасады. Ендеше баршамыз Ереже талаптарын орындайық.

**Д.ТЫНЫСБАЕВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ
Ескелді аудандық
аумақтық инспекциясының
бас маманы**

Аурудың қоздырғышы - бактерия, суыққа төзімді, ыстыққа төзімсіз болып келеді. Сүтте - 35 күн, сиырдың сүтінен жасалған тағамдарда (сары май, құртта, ірімшіктерде) 40-60 күнге дейін, тұздалған етте 1-2 айға, жайылымдылығы ылғал топырықта - 3 ай, көңде - 50 күнге дейін қоздырғышы сақталады.

Ауруды таратушы- ауырған, бруцеллез тасымалдаушы мал боып саналады. Ағзадан қоздырғыштары іш тастау немесе төлдеу кезінде, сонымен қатар түсіктен, зәрімен, нәжісімен шығарылады. Іш тастау жағдайы өте қауіпті өйткені бруцеллалар іш тастаудың алдында бірнеше күн кейін 14-60 күн ағзадан шығарылып отырылады.

Бруцеллез ауруының жұғу жолдары:

- зақымдалған тері арқылы; адамның терісінде болатын жырындылар мен жаралар арқылы организмге тарайды, бұл жағдай малдарды күтіп-бағатын адамдарда жиі кездеседі;
- алиментарлық жолмен ет, ет өнімдері, сүт, сүт өнімдері арқылы;
- Аурудың қоздырғышы адам организмне түсетін болса, өте қатерлі себебі адамның ұрпақ әкелмеу мүгедектікке әкеп соғады.

Аудандағы ветеринариялық қызметтің атқаратын жұмыстары туралы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығына сай, жеке аулалар мен шаруа қожалықтарда,

Басы 4-бетте

ҰЛЫ АБАЙ-ДАНА, ДАРА!

қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» бірнеше үзінді-нұсқаларды таңдап алып, «Татьянаның хаты», «Ленскийдің сөзі» атты өлеңдерін шығарды. Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтың бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр», «Жартас», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Альбомға» өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. Бұл шығармалар Абайдың ой көрінгендей кайта қорытылып жаңадан дүниеге келген туындылар еді. Мыс., Абайдың Лермонтов мәтінін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі.

Ал қалған жартысы еркін аудармалар. Мыс., «Ой», «Теректің сыйы» сияқты өлеңдер. Абай жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар дегенде, көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы: «Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып», - деп келетін тармақтар. Бірақ осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы: «И Терек, прыгая как львица, Абайдың замандастары - Дүтбай Уандықұлы, Ысқақ Солтабайұлы және інісі Оспан Құнанбайұлы аударманың түп нұсқаға жақындық дәрежесі ылғи бірдей емес. Бара-бар, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі өлемін, оның толқын лебізін, жаңа саласын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып, мол жеткізеді. Барлық жарастық сәнімен қазақ тілінде қайтадан туғызды. Солардың қатарына «Альбомға», «Жолға шықтың бір жым-жырт түнде жалғыз» сияқты өлеңдерін жатқызуға болады.

«С косматой гривой на хребте» - деп келетін сөздермен үндес екені байқалады. Және жал арыстанда ғана болатынын Абай дұрыс ескерген («львица» деп жаңылыс айтылған ғой). Абайдың аударма жасауға тереңдікпен, шеберлікпен, жауапкершілікпен келгенін байқайсыз. Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеу есу жолындағы баға жетпес зор табысы болды. Абай - мысал өлеңдердің де шебері. Қазақ халқының сол дәуірдегі өмірінің шыншылдықпен суреттеуге, әр түрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сәтиралық бейнелер жасауға сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ, Абайдың мысал өлеңдерді Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап танығанда мысалдың өзіндік жанрлық ерекшелігін ескеру қажет. Мысалдары толық мағанасындағы аударма емес, көбінесе, белгілі бір сюжет еркін баяндалады. Абай мысалдарының тағы бір дені ауыз әдебиетінен бастау алып, өлем халықтары әдебиетінде кеңінен тараған ежелгі танымал мотивтерден тұратындығы. Ортақ сюжетке жазыла берер мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, сол сюжетке мысал жазған ақындармен жарысқа түскен: «Қарға мен түлкі» (Эзоп, Федр, Бабрий, Крылов, Абай, Ыбырай, Әлихан, Ахмет, т.б.), «Құмырсқа мен шегіртке» (Эзоп, Федр, А. Құрманбаев, Абай, Әлихан, т.б.). Бұдан, Аарне және Томпсонның дүние жүзілік ертегілер каталогындағы сюжеттердің (сюжет ауысу теориясы) мысал жанрында өлем жазушыларының шығармаларында көрініс тапқанын байқап отырмыз. Абай мысалдары Крыловтан аударма емес, ортақ сюжетке жазылған төл шығармалар. Абай «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларын жазған. Олардың үшеуі де шығыс халқына ортақ сюжетке құрылған. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескерсек, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмағанын көреміз. Бұл екі аудармасы мен «Әзім» поэмасы бізге толық жетпегендіктен, нақтылы байла жасау қиын. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ, олардың өзгешелігі, бұрынғы осы сюжетке жазылған поэма-дастандардан ізін кұмай, басқал қалыпта жазылуы поэмаларға даралық сипат берген. Абай - өлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Ақын шығармалары сусындаған негізгі үш қайнар көзді айтатын болсақ, ол ең алдымен Абай қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті арманы мен даналық ойларын абыздық көрегенділіктен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Сондай-ақ Абайдың жүйелі ойларының үлкен бір арнасының қалыптасуына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені ол күллі



араб пен парсының батырлық дастаны мен жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, Әбу Жафар Мұхаммед ат-Табари, Рабғузи, Рашид әд-Дин, Бабур Захиреддин Мұхаммед, Әбілғазы Баһадүр ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ, логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болған. Араб, парсы, түркі тілдеріндегі білім көздеріне Абай ерекше көңіл аударды. Айрықша қабілетінің арқасында, араб, парсы тілдерін өз бетімен жүйелі түрде оқып, игереді. Сөйтіп ол Ә. Бөкейханов айтқандай, қасиетті кітаптардың білімпазы атанады. Отырардан шыққан және Шығыстың екінші ұстазы атанған ғұлама ақын Әбу Наср әл-Фараби философиясы Абайдың дүниетанымын қалыптастырып дамытуда елеулі рөл атқарған.

Ақынның шұрайлы филос. ойлары, негізінен, шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін айрықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді. Орыстың қоғамдық-филос. ақыл-ойы ақынның эстетик. көзқарасының қалыптасуына елеулі әсер етті. Сондай-ақ басын сонау антикалық ежелгі заман мәдениетінен алатын Батыс Еуропа мәдениеті Абай дүниетанымының даму процесінде тарихи сабақтастық желісін атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Аристотель еңбектерімен жақсы таныс болды. Сонымен қатар ол Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюисінің «Позитивтік фило-софиясын», Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихы» атты туындылары мен Милльдің, Бокльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған. Батыстың өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың даму тарихы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін оның өз дүниетанымында тамаша ұштастырды. Абайдың негізгі зерттеу объектісі -адам. Сол адамның эстетик., этик. талғамы, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреніске түсірген. Шығыс ойшылы ретінде Абай адам проблемасын үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылық, этик., эстетик. тұрғыдан зерделеді. Ол адам табиғатын этик. тұрғыда қарай отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбас адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кепінде алға тартады. «Абайға шығстан кірген бұйымдардың басы ислам діні», - дейді Әуезов. Шындығында, Абайдың «жан сыры», «жан құмары», «жан қуаты», «жанжарығы», «хауас», «хауас сәлим», «хауаси хамса», «хауаси хамса заһири», «толық адам», т.б. филос. ұғымтанымдар жөніндегі көзқарасы Ислам филос-сын терең танығанын байқатады. «Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім - ғалым», «Ада-спай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» - деген пікір - ғұламаның филос. көзқарасы. Жалпы, Абайдың . көркемдік, әлеум. гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, филос-дағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жал-

пы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың аярына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен филос. сәны ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының филос. концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген өлем тілдеріне аударылды.

Абайдың философиялық ойлары. Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, Абай өркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді. Ол өзінің ілімінде, пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысты, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Кемелдену, жетілу - адам өмірінің мақсаты екенін айтуды Абай. Жетілу дегеніміз не? Түрлі жетілулер бар. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол - рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

Абайдың айтуы бойынша жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жақсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді Абай. Сонымен, жетілудің негізі - женді, жүректі жетілдіру екен. Бұл - адамның ішкі нәзік болмысын тазарту деген сөз.

Абай өз шығармаларында жетілу жолдарын, олардың түрлі белестерін көрсетеді. Әрбір адам осы жетілу жолдарынан өте отырып өзінің қай деңгейде тұрғанын және өмірінің келесі белесін анықтай алады. Мәні терең ашылып, келешегі айқындалғанда ілім адам өмірі маңызды болмақ. Абай ілімі осылай әркімнің өмірінің мәнін ашып, оның келешектің жарқын жолына шығуына мүмкіндік береді.

Ақын мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы философиялық шығармасы жоқ. Деген-

мен, Абайдың көптеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ар, ұждан, мораль философиясына тетелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені дау-сыз. Абай шығармашылығын зерттеуді алғашқы кезеңінде, 1920-30 жылдарда ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған біртүрі деп дәлелдемек болушылар да табылды (Қаболов З. Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын. «Советская степь», 1928, 2 тамыз).

Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М.О.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, І.Жансүгіров т.б. Абайдың ақындық мұрасын анайы-социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды: «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, - деп жазды Мұқанов, - Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі» («Казахстанская правда», 1934, 30 көкек).

Ақын шығармалары 19 ғасырда да Қазақстанда демократиялық қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды:

1) қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр;

2) ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының тандаулы шығармалары;

3) орыстың материалистік философиясы мен демократиялық мәдениеті, сол арқылы дүниежүзілік (ең алдымен Батыс Еуропаның) философиялық ойдың жетістіктері.

Ғалым Абайдың орыс әдебиетімен және философиялық озық ойымен байланысын оның аударған шығармаларының санымен немесе оған революционер демократтар идеясы ықпал етті деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, қара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты. Ол Абай шығармашылығының өткен заман ойшылдарының теориялық мұраларымен байланысын анықтайтын мәселелердің тым тапшы зерттелгеніне өкініш білдірді; Абайдың орыс әдебиетіне ғана емес, сонымен қатар адамзаттың бүкіл рухани мәдениетіне қатынасын тұтастай даму үстінде «орыс және қазақ халқының байланыстарын сол кезеңнің мазмұнын анықтайтын саяси оқиғалармен тығыз органикалық байланыста қарастыратынының» методологиялық маңызы аса зор. (Әуезов М. Әр жылдардағы ойлары.-Алматы, 1961, 148-149 б.)

Өз заманының ғұламасы болған Абай көптеген орыс жазушылары мен философтарының, әсіресе, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың, В.Г.Белинскийдің, А.И.Герценнің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді, орыс революционер-демократтарының озық ойы, оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Еуропа философиясына дәлірек айтқанда Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Спенсер, Л.Фейербах еңбектерін оқыды: «...өзінің рационалдык философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай мектептердің оқуынан өтіп алып, сөйтіп, бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды» (Әуезов М. Жіжыра томыдқ шығармалар жинағы. А. , 1969, т.15 , 141-б.).

Ол Ч. Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін білді. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңеюіне орыстың материалистік психологиясы, нақтырақ айтқанда И.М.Сеченов пен К.Д.Ушинский еңбектері маңызды қызмет атқарды. Ақынның дүние-танымына сол кезеңде Семейде тұрған, саяси аударылған адамдарымен достығы игі әсерін тигізді. Олардың арасында Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов т. б. демократтардың идеясында тәрбиеленген алдыңғы қатарлы зиялы жұмыс өкілдері бар еді. Абайдың көптеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғатқа, таным, ақыл жайлы толғаныстары көрініс тапқан.

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, Абай өркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді.

(Материалдардан реттеліп алынды)

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазақстан аумағында жыл сайын астық алқаптарында, астық қоймаларында, жем-шөп қоймаларында көптеген өрт болады, жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, жүздеген тонна жемшөп пен астық, ондаған бірлік астық жинау техникасы жойылады. Көп жағдайда өрттердің себебі астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтамау болып табылады. Біздің алтын өрістерді сақтау үшін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен азаматтар Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауы және орындауы қажет.

Астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері келесі іс-шараларды қамтиды. Егін жинау басталғанға дейін оған тартылған барлық адамдар өртке қарсы нұсқамадан өтуі тиіс, ал жинау агрегаттары, автомобильдер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (барлық типтегі қолбайындар мен тракторлар - екі өрт сөндіргішпен, екі найзалы күрекпен және екі сыпырғышпен) жарақтандырылуы, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және қоректендірудің, от алдырудың және майлаудың реттелген жүйелері болуы тиіс; астық пісер алдында олардың орман және шымтезек алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға жанасатын жерлері Дәнді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 гектардан аспайтын учаскелерге бөлумен басталуы тиіс. Учаскелер арасында ені 8 метрден кем емес шалғы жасау қажет. Шабылған нанды шалғылардан дереу жинау керек. Шалғылардың ортасында ені кемінде 4 метр жырту жасалады. Уақытша дала орнақтарын астық алқаптарынан, токтардан және т.б. 100 метрден жақын емес орналастыру қажет. Ауданы 25 гектардан астам жиналатын астық алқаптарына жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқалар дайын болуы қажет. Сабандар мен қалдықтарды жағуға, егістіктерде от жағуға тыйым салынады; астық ағынын ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден, ал астық алқаптарынан 100 метрден жақын орналастыру қажет.

Тыйым салынады:
- Тракторлардың, өздігінен жүретін шассилер мен капотсыз немесе ашық капоттары бар автомобильдердің жұмысы;
- Қозғалтқыштардың радиаторларында шаңды жағу үшін дөнекерлеу шамдарын қолдану;
- Далалық жағдайда түнгі уақытта автомашиналарға жанармай құю;
- Қозғалтқыштардың радиаторлары, битерлердің, сабан алмастырғыштардың, транс-

портерлер мен іріктеушілердің біліктері, жинау машиналарының шнектері мен басқа да тораптары мен бөлшектері шаңнан, сабаннан және астықтан уақтылы тазартылуы тиіс; - Ірі жем-шөп қорын ферма ғимараттарынан түйік жанбайтын қабырғалармен (қалқалармен) және отқа төзімділік шегі кемінде 0,75 сағат жабындармен бөлінген жапсар жайларда (құрылыстарда) ғана сақтауға рұқсат етіледі.;

- Маялар (маялар), бастырмалар, ірі жем - шөп қатарлары электр беру желілерінен кемінде 15 метр, жолдардан кемінде 20 метр, ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықта орналасуы тиіс;
- Маяларды (маяларды), сондай-ақ маялардың немесе қатарлардың жұптарын орналастыруға арналған алаңдарды периметрі бойынша ені кемінде 4 метр жолақпен жырту қажет. Жолақтың шетінен алаңда орналасқан маяға (маяға) дейінгі қашықтық кемінде 15 метр, ал жеке тұрған маядан (маядан) кемінде 5 метр болуы тиіс;
- Бір маяның (маяның) негізінің ауданы 150 шаршы метрден, ал престелген пішен (сабан) қатарының ауданы 500 шаршы метрден аспауы тиіс;
- Жеке қатарлар, бастырмалар мен маялар (маялар) арасындағы өртке қарсы бөліктер кемінде 20 метр болуы тиіс. Қатарларды, бастырмаларды және маяларды (маяларды) жұппен орналастыру кезінде қатарлар мен бастырмалар арасындағы қашықтық кемінде 6 метр, ал олардың жұптары арасында кемінде 30 метр болуы тиіс;

- Орамдар арасындағы өртке қарсы жыралар (орамда 20 шөмішті немесе қатарды орналастыруға рұқсат етіледі) 100 метрден кем болмауы тиіс;

- Ылғалдылығы жоғары маяларда (маяларда) немесе шөп штабельдерінде температураны бақылауды ұйымдастыру қажет;

- Ірі жемшөпті маялауда жұмыс істейтін тракторлар мен автомобильдер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс;

- Трактор-тартқыштар түсіру жұмыстары кезінде маяларға 5 метрден кем қашықтыққа жақындамауы тиіс. Астық жинау және жем-шөп дайындау кезеңінде Жетісу облысы ТЖД жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың орындалуы мен сақталуына тексеру жүргізеді. Өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын орындамаған жағдайда ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары, жауапты тұлғалар мен азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері
азаматтық қорғау
аға лейтенанты

ЕГІНДЕРДІГІ ӨРТТЕР

Астық алқабы - өрт шығу қаупі жоғары аумақтың бірі. Дәнді дақылдар, өсімдіктер, шөптер – бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қаупін үдетеді. Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралады. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:
-астық жинау кезеңі басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;
-өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;
-астық жинау алқабында күні-түні кезекшілік қою;
-масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жырттылуы қажет;
-астық алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет. Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы, малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуі тиіс. Өрт сөндіруге жауапты адам әкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп тұруы тиіс. Дер кезінде істелген шаралар сіздің денсаулығыңыздың, тынышылығыңыздың кепілі бола алады, мемлект және халық мүлкін апаттан қорғап қалады. Өрт туындағын кезде өрт сөндіру қызметіне «101» үй телефоны немесе ұялы телефонмен қоңырау шалыңыз.

Қ. ӘШІМОВ
Ескелді ауданының ТЖБ инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ҮШІН ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Менің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударған жарналарым қайда, қорға қанша ақша жиналды, емханаға бармасақ ақшаларымыз күйіп кете ме? Бұл сұрақтар әлеуметтік желіде жиі қойылады. МӘМС жүйесі 2020 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанына және оны енгізу туралы ақпарат үнемі жарияланып тұрғанына қарамастан, азаматтардың көпшілігі өлі күнге дейін жарналар мен аударымдар қайда кететінін аңғармайды. Бұл сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жауап берді.

МӘМС жүйесі медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, қаржыландыру тапшылығын төмендету қажеттілігіне байланысты енгізілген. Егер 2019 жылы денсаулық сақтау саласына 1,03 трлн теңге бөлінген болса, 2023 жылға қазірдің өзінде 2,5 трлн теңге қарастырылған. Бұл көрсетілген медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға мүмкіндік берді, соған сәйкес, азаматтардың көпшілігі барынша медициналық көмекке жүгіне алады.

МӘМС үшін ақша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түседі ме?

Көптеген адамдар МӘМС төлемдері Қорға түседі және ол қаражатқа өз қалауы бойынша жұмсайды деп қателеседі. Жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі арнайы шотқа түседі (яғни, тікелей Қорға емес), олар басқа мақсаттарға жұмсалынбайды.

Жарналар қайда кетеді?

Ұлттық банктегі арнайы шоттан бұл қаражат медициналық ұйымдарға – Қордың жеткізушілеріне – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілген медициналық қызметтерге төлем ретінде жіберіледі. Яғни, сақтандырылған азаматтар МӘМС тізбесіне енгізілген барлық қажетті медициналық көмекті денсаулық көрсеткіштері бойынша тегін алады,

олар үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді.

Мысалы, 2022 жылы МӘМС шеңберінде көрсетілген медициналық көмекке шамамен 836 млрд теңге жұмсалды.

МӘМС-ға қанша қаражат түсті?

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде 590,8 млрд теңге көлемінде жарналар мен аударымдар түсті. Оның ішінде жұмыс берушілердің аударымдары – 37,7%, халықтың жеңілдікті санаттары үшін мемлекеттің жарналары – 33,2%, қызметкерлерден түскен жарналар – 24%-ды құрады, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтіндер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, дербес төлеушілер) – 5,1%.

Бұл қаражат МӘМС жүйесінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлем ретінде ай сайын жіберіледі.

Егер мен медициналық көмекке жүгінбесем, жарналарымды шешіп ала аламын ба?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес, баршаға ортақ жүйе. Қазақстандық модель пациентке денсаулық жағдайы бойынша талап етілетін емнің көлемі мен құнын шектеуі үшін әлеуметтік бағдарланған түрде құрылды.

Мысалда қарастырайық. Бір жыл ішінде мүмкін болатын ең жоғары жарнамен 1 адам тек 168 мың теңге (айына 14 000 теңгеден) жинайды. Бұл қаражат дербес шотта жиналып, пациент оларды өз қалауы бойынша емделу үшін пайдалана алады деп есептейік. Бірақ бұл сомаға ол шектеулі мөлшерде ғана ем ала алады.

Тек стандартты сынақтар жиынтығы, гормондарды, инфекциялардың болуын тексеру үшін бірнеше ондаған мың қажет. Егер ультарадыбыстық, кардиограмма, КТ/

МРТ және басқа аспаптық диагностика қажет болса ше? Яғни бір жыл ішінде жинақталған жарналар диагноз қою үшін толық тексеруден өтуге де жеткілікті болуы мүмкін. Сонымен қатар күндізгі стационарға бару немесе тәулік бойы ауруханаға жату қажет болуы мүмкін.

Егер ота жасалатын болса, олардың құны бірнеше миллион теңгеге жетуі мүмкін, онда пациент жай ғана медициналық көмексіз қалады. Жиналған қаражат емделуге кететін шығынды жабуға жетпейді. Сондықтан бұл тәсіл пациентті өзіне тиімсіз.

Сондықтан, МӘМС жүйесінің отандық моделінде барлық қаражат Ұлттық банктегі бірыңғай арнайы шотқа түседі. Ал сол жерден қаражат төлеушінің санатына және төлеген жарналардың мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған азаматтарға МӘМС бойынша көрсетілген медициналық көмек үшін төленеді.

Ауруханаға барар алдында сақтандыру мәртебеніңізді өзіңіз тексере аласыз:
1-әдіс: Telegram-да @SaqtandyrBot арқылы

2-әдіс: fms.kz сайты арқылы
3-әдіс: kasp.kz қосымшасындағы «Мемлекеттік қызметтер» бөлімі арқылы

4-әдіс: egov.kz сайтында «Денсаулық сақтау» бөлімінде «медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі арқылы.

Егер Жетісу облысының аумағында медициналық көмек алу бойынша қосымша сұрақтар мен мәселелер туындаса төмендегі байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады: +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы
бойынша филиалы

КУДА УХОДЯТ ДЕНЬГИ ГРАЖДАН ЗА ОСМС?

Где мои взносы на ОСМС, сколько денег собралось в Фонде, сгорают ли деньги, если не обращался в поликлинику? Эти вопросы периодически задают в социальных сетях. Несмотря на то, что система ОСМС действует уже с 2020 года, а информация о ее реализации постоянно публикуется, многие все еще не знают, куда уходят взносы и отчисления. В Фонде социального медицинского страхования ответили на эти вопросы.

Внедрение системы ОСМС было обусловлено необходимостью увеличения доступности медицинской помощи, снижения дефицита финансирования. Если в 2019 году на здравоохранение было предусмотрено 1,03 трлн. тенге, то на 2023 год – уже 2,5 трлн тенге. Это позволило увеличить количество оказываемых медицинских услуг, соответственно больше граждан могут обратиться за той или иной медицинской помощью.

Деньги за ОСМС поступают в Фонд соцмедстрахования? Многие ошибочно полагают, что платежи за ОСМС поступают в Фонд и он может распоряжаться ими по собственному усмотрению. На самом деле все взносы и отчисления, которые оплачивают граждане, поступают на специальный счет в Национальном банке и их нельзя расходовать на иные цели, кроме оплаты за оказанные медицинские услуги.

Куда уходят взносы?

Со специального счета в Нацбанке эти средства направляются медицинским организациям – поставщикам Фонда – строго на оплату оказанных медицинских услуг в системе обязательного социального медицинского страхования. То есть, застрахованные граждане получают всю необходимую по показаниям медицинскую помощь, которая входит в перечень ОСМС, бесплатно, а оплачивает за них Фонд социального медицинского страхования.

медпомощи, оказанной в рамках ОСМС, было направлено около 836 млрд тенге.

Сколько средств поступило за ОСМС?

За период с 1 января 2023-го по 30 июня 2023 года в виде взносов и отчислений поступило 590,8 млрд тенге. Из них отчисления работодателей составили 37,7%, взносы государства за льготные категории населения – 33,2%, взносы работников – 24%, другие плательщики (ИП, работники по договорам ГПХ, самозанятые, самостоятельные плательщики) – 5,1%.

Эти средства ежемесячно направляются в качестве оплаты за оказанные медицинские услуги в системе ОСМС.

Можно ли снять свои взносы, если не обращался за медпомощью?

Система ОСМС является солидарной, а не накопительной. Не имеет значения, обращался ли конкретный человек за медицинской помощью, так как здесь не предусмотрены персональные счета с накоплениями взносов. Казахстанскую модель построили как социально ориентированную, чтобы не ограничивать пациента в объеме и стоимости получаемого лечения, которое ему требуется по состоянию здоровья.

Рассмотрим на примере. При максимально возможном взносе за год гражданин соберет лишь 168 тыс. тенге (по 14 000 тенге в месяц). Предположим, что эти средства находятся на индивидуальном счете, и пациент может использовать их на лечение по своему усмотрению. Однако на эту сумму он сможет получить ограниченный объем лечения.

Только стандартный набор анализов, проверка гормонов, наличия инфекций обойдется в несколько десятков тысяч. А если необходимо УЗИ, кардиограмма, КТ/МРТ и другая инструментальная диагностика? То есть, накопленных

за год взносов может быть недостаточно даже на прохождение полноценного обследования для установления диагноза. Затем может потребоваться посещение дневного стационара или госпитализация в круглосуточный.

Если же будут показания на операцию, а их стоимость достигает нескольких миллионов тенге, то пациент попросту останется без медпомощи. Накопленных средств не хватит, чтобы покрыть стоимость лечения. Такой подход будет невыгоден самому пациенту.

Поэтому в отечественной модели системы ОСМС все средства поступают на единый специальный счет в Национальном банке. А от туда они направляются на оплату медицинской помощи, оказанной по ОСМС всем застрахованным гражданам, независимо от категории плательщика и размера осуществляемых им взносов.

Перед обращением в больницу вы можете самостоятельно проверить свой статус застрахованности:

- 1 способ: через @SaqtandyrBot в Telegram
 - 2 способ: на сайте fms.kz
 - 3 способ: в приложении kasp.kz в разделе «Госуслуги»
 - 4 способ: на сайте egov.kz в разделе «Здравоохранение»
- через государственную услугу «Предоставление информации об участии в системе обязательного социального медицинского страхования в качестве потребителя медицинских услуг и перечисленных суммах отчислений и (или) взносов».
- Если у вас возникли дополнительные вопросы или проблемы с получением медицинской помощи на территории области Жетісу можете обращаться по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13**

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд
обязательного социального
медицинского страхования»

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМІ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІНЕ ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРЕДІ

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржы және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі және операторы. Ол заңнама талаптарына сәйкес салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін көрсетуге міндетті.

БЖЗҚ өзінің заңнамалық міндеттерін іске асыру кезінде салымшылардың (алушылардың), олардың сенім білдірілген адамдарының, заңды өкілдерінің дербес деректерін қамтитын ақпараттық жүйенің операторы/меншік иесі болып есептеледі. БЖЗҚ-дан қызметті алмас бұрын салымшы (алушы)/сенім білдірілген адам/заңды өкіл өзінің дербес деректерін жинауға және өндеуге келісімін береді.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ тек мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) қажетті ақпарат алмасуды жүргізеді. Мысалы, егер салымшы жеке куәлігін жаңартқан болса, онда бұл деректер уәкілетті мемлекеттік органдармен деректер алмасудың арқасында БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты түрде өзектендіріледі. Салымшының деректері жеке тұлғаларға берілмейтінін ескертеміз.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасады. БЖЗҚ ақпараттық

жүйесіндегі өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай алмасудың арқасында үнемі өзекті болып тұрады. Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтін ерекше атап өткіміз келеді.

Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан оның құжаттары және (немесе) ақпараты мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болған жағдайда көшірмелерін талап етпейді. Бұл БЖЗҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетіп, алаяқтық фактілерін жойып отыратынын білдіреді.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңға (бұдан әрі - Заң) сәйкес дербес деректерді жинауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар, мысалы, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, дербес деректерді жинау және өндеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғайтын және қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге

де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет, мемлекеттік органдардың дербес деректерді статистикалық мақсаттар үшін оларды иесіздендірудің міндетті шартымен пайдалануы, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар бұған жатпайды.

Сондай-ақ, заңда кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті екендігі көзделген (11-бап 2-тармақ).

Анықтама үшін: БЖЗҚ Басқарма төрағасының 04.04.2023 ж. № 302 бұйрығымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесінде БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген БЖЗҚ тапсырмалары, өкілеттіктері, міндеттері егжей-тегжейлі көрсетілген (<https://www.enpf.kz/kz/services/information/protection.php>).

Осылайша, мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған салымшылардың (алушылардың)/ заңды өкілдердің/сенім білдірілген тұлғалардың дербес деректерін жинау және өндеу БЖЗҚ-ның зейнетақы қызметтерін сапалы көрсетуі мақсатында жүзеге асырылады.

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 291 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 9 545 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,1 % құрайды.

291 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 235, Текелі қаласы - 11, Ақсу - 1, Алакөл - 5, Ескелді - 9, Кербұлақ - 2, Көксу - 3, Қаратал - 13, Панфилов - 10, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мермен расталған қызметтік өуліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. Арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артық жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің

алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктен немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламаңыз, аударымдар туралы түбіртекттерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.
3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексеру сіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс кезіңіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.
7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктен ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Али КАНАТБЕКҰЛЫ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры

ОСТОРОЖНО! ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКІ



С момента образования области Жетісу зарегистрировано 291 фактов интернет мошенничества, что составляет 1,1% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (9 545).

291 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-235, г.Текелі - 11, Ақсуский - 1, Алакольский - 5, Ескельдинский - 9, Кербулакский - 2, Коксуский - 3, Каратальский - 13, Панфиловский -10, Саркандский - 2.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляют высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.
3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

Е.С.БЕКТУРСЫНОВ ,
Старший прокурор формирования правовой информации в уголовной сфере Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по области Жетісу

АШЫ ДА БОЛСА ШЫНДЫҚ ҚАЙДА КЕТІП БАРАДЫ?

Ашы да болса шындық қайда кетіп барады? Шындық іздеген жұрт, сабылған ел әр жердің есігін бір сығалауда. Жаны жайсаң ел - жұрт, қарапайым халық құлағы тым- тырыс биліктен әділеттік іздеп шулауда. Тыңдаған құлақ, көрген көз көрінген емес. Баяғыда атам айтушы -еді «аузы-мұрны қисық болса да, байдың баласы сөйлесін»-деп. Міне, сол сөз аталы сөзден, бабалардан қалған асыл мұрадай. Түсініген адамға! Жан-жағыңа қарасаң шаршап, күйзеліске түскен ел. Бір-бірін түсінісе алмай жүрген, сабылған жұрт.

Қымбатшылық ол да бар. Міне, тамаша! Бәрі жан-жағынан қысуда. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруда! Сонда заман ағымы өзгерген бе? Жо-жоқ заман емес, адам өзгерген. Өзгеріске түскен адамнан кішігірім тап, содан кейін орта тап, ең соңынан жоғарғы билік басшылары өзгеріске түседі. Міне, керемет. Көпке топырақ шашпайық. Мұндай мақаланы жазудың өзі ауыр болды. Ойландым, талқыладым, сараладым. Кейбір басшылар секілді өз көлеңкемен де қорықтым. Әйтеуір бұрмаланған кү дүние-ай! Ашып жазсаң өгіз өледі, жазбасаң астыңдағы жаман арбаң сынады. Бұл қалай? Қазағымның нақылы мен мақалы, тауып айтқан сөздерді дөп айтқанды ғой! Мен ғана емес, кешегі бабаларым мен апаларымның да шырылдағаны осы еді ғой. Тарихқа енген алпауыт соғыс не берді? Ашаршылық пен тоқыраушылық кезі ше? Ақтабан шұбырынды мен Желтоқсан көтерілісі? Мұның бәрі бір көзге көрінген түс секілді болып қалған сияқты. Қатты айттым ба, әлде ашы жазып отырмын ба? Сіз не дейсіз оқырманым? Бүгінгі мақалама не арқау болып тұр? Ой салып қойдым ба? Қызық, өмір сүруіміздің өзі қызық! Жан -жағымыз толған адалдық пен айуандық!

Сөйле, тілім Аландама, тартынба Найзағайдай шындықты айтып жарқылда! Қалай ғана өмір сүрдім дей алам, Бір ауыз сөз қалмаған соң артым-да?! Заман қалай, адам қалай өзгерді, Өзгергенді шүкір, қазір көз көрді. Арың менен ақиқаттың алдында Шындықты айтып, Шыңғыратын кез келді. Айтса нанар аңғал халық едік қой, Аңғалдықтан талай таяқ жедік қой. Осы таяқ басқа тисе де өзгерген жеріміз жоқ. Өрбірмізге бір тие бермейін, жасаған жақсылықтарға да көз жұмбайын. Иә, көрдім, білемін,



білем жасалған әрбір игі істерді. Қазақстанның Қазақстан болғанында білемін. Ата-бабаларымның қанмен, қайтпас қайсарлығының күшімен ел болғанымды да білемін! Қанша боздақ осы біз үшін жанын қиғанын да білемін. Аналарым балаларынан, әкелерім ұрпағынан айырылғандарын да түсінемін. Осындай қасіреттілікті ұмытқандарды да білемін. Адам баласы жақсы нәрсеге тез үйренеді. Адамды танып білу үшін қолына билік бер деген. Ал, сол биліктің қалай келгенін тез -ақ ұмытып кететіндер қаншама? Міне, қызық өмір осы! Шындықты айтсаң, ажалыңнан үш күн бұрын өлесің, айтпасаң шындыққа жете алмай құса болып өлесің! Шындыққа жетер жол ауыр. Ұрынар жері көп. Бәрі өзі біледі. Кім қай жерден қателесіп жүргенін. Біліп тұрса да жұмысын жалғастырады. Бұл қалай? Дұрыс емес екендігін біліп тұрса да, дұрыс қылады! Сонда әділетті Қазақстан қайда? Шындық қайда? Өзегімді өртеген көп сауалдар бар? Жауабы қайда??? Сіз білесіз бе? Шындықтың бәрін билік біледі, ашып айтпайды. Жылы ғана жауап беріп шығарып салады. Бәрі бір-бірімен сабақта! Мектеп кезінде қазақ тілі сабағында «құрмалас сөйлем» деген тақырып болған. Соның бөлімдері сала-лас, сабақта секілді. Қай саланы алмасаңда өз шындықтары жасырын. Түпкі негізі ұшан-теңіз. Ашығын айтсаң, жүрер жолыңды жабады. Бұл мақаламды оқып, менің де жолыма түсері онық. Өмір осынысы мен қызық. Арпалысқан өмір, таласқан уақыт. Бәрі өздерін мәңгілік деп ойлайда шамасы. Бәріміз білгіріміз. Өз алдымызға мықты басшы, ғалым, доктормыз... Қашанғы өз-өздерімізді алдаумен өмір сүреміз. Бұл өмір шексіз емес, жабылар күні де алыс емес. Бір -бірімізге демеу болып қолдау көрсетсек қиын ба? Әлде,

жығылғанның үсітіне жығыла берейік пе? Танысы мен тамыры бардың көлеңкесінде ізін жалғастырайық па? Оқып отырып, ойланп қалған шығарсыз? Мына редактор ханым қиын жағдайға тап болып қалған ба, әлде біреу алдап кетті ме, қорқыттыма?— деп, болары болды, қолдау да шамалы. Естеріңізге салсам, осыдан біраз бұрын ертегі секілді жазған мақалама болған. Жазылды, басылымға шықты, сол бетімен қалды. Жалғасы бар дегенмін, жазбадым! Неге? Бұған себеп, ешбір жауапкершілікпен, түсінікпен қараған оқырман болмады. Ақырын ғана көз жұма қаралды. Өтті, кетті, бітті...Мен секілді біраз адамдар бар... Жағымпаздықпен айналысатындар да жоқ емес. Қу қарабастың қамы. Шындығын айтудан қорқады. Өзінің жолын жақсарту үшін небір айлаға да барады. Жоғары тапқа да жағымпазданады. Солардың айтқан ақ, қара дегені де хақ. Тамаша жағдай. Күнделікті өмірін өзін-өзі алдаумен өткізеді. Бұл не Бақыт?! Үйдегі көрген кезайымдары мен жұмыстағы жас буындары қандай тәрбие алады? Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің деген. Бәлкім олда, ұядан көргенін жалғастыруда болар. Ізін суытпасам, ата-анам разы болар деген үміт шығар... Үкілеген үміт, жақсылықпен жол тартса, игі іске игі болар едіҒо. Артына ерген сабақтастарына жақсы жолдарын көрсетсе, өнеге болып қалар еді. Ит итті, болмаса құйрығын жұмсайтын заман ағымығой! Нестейміз, қолдан келер бір шара болса атқарар едік! Бұл мақаламның басы ғана болсын, жалғасын келер санында ашып жазамын! Мендегі ой, кейбір кісілерге данышпан, білгір болып ақыл айту емес, ойлансын, жан-жағынан қараса деген пікір!!! Шындық қайда барасың???

Арай Әділ

ШЫНДЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Мұны ақиқат түсінеді айтылған, ойлаған және сенгендер мен шындықтың арасындағы үйлесімділік (күмәндануға болмайтын шындық). Бір қарағанда, бұл анықтама күнделікті өмірде үлкен проблемалар тудырмайтын сияқты, бірақ оны тереңірек талдаған кезде белгілі бір шектеулерге тап болады.

Шындық сөзі латын тілінен шыққан вериталар, және оның тұжырымдамасы Бұлүлкен философиялық мәселелердің бірі, діндердің негізгі қаруы және кез-келген саяси дискустағы басты рөл.

Сондай-ақ оқыңыз: Шын ниет Философиядағы шындық Ақиқат тұжырымдамасы Платон мен Рене Декарт сияқты ұлы ойшылдардың зерттеу нысаны болған философияның ұлы тақырыптарының бірі болды және болып табылады.

Платон үшін, әлем сезімтал әлемнің жетілмеген көрінісі болды: «идеялар әлемі», онда шындық сұлпұлық пен жақсылықпен бірге жетуге болатын идеал болды. Ол үшін жеке адамдардың жаны (бұл әлемге емес, идеяларға жататын) өзінің өмір сүруінің тағы бір сәтінде не болғанын «есте сақтауы» керек еді.

XVII ғасырда француз ойшылы Рене Декарт «гиперболалық күмән» енгізу арқылы батыстық дәстүрді бұзды: күмәнді шындыққа жету әдісі ретінде қолдану. Біраз ойланғаннан кейін ол кодтың дәлеліне келді. «Cogito ergo sum», ол нәні білдіреді «Менің ойымша, мен бармын».

Декарт үшін жалғыз талассыз ақиқат - индивидің армандаған-армандағанына, алданған-алданбағанына қарамастан өмір сүруі болды, өйткені мұның бәрі армандайтын немесе алданатын біреудің негізі болу керек.

18-19 ғасырларда неміс идеализмінің философиясы ақиқат ұғымына қатысты кейбір ойларды алға тартты. Иммануил Кант үшін шындық білімнің объектімен сәйкестігі болды; екінші жағынан, Фридрих Гегель абсолютті ақиқат деп санады.

Ақиқат туралы теориялар Шындық пен неің болмайтын ажырату үшін критерийлерді анықтайтын белгілі бір теориялар бар (тарих бойында әр түрлі ойшылдар дамытты).

-Ақиқаттың корреспонденттік теориясы. Сәйкестік критерийіне негізделген және осы тұжырым мен шындық арасында сәйкестік болған кезде постулаттың шындық екенін қолдайтын ой ағымы. Бұл идея ежелгі гректерден шыққан.

-Дәлел ретінде шындық. Постулатты ақылдылыққа нақты және айқын түрде ұсынған кезде оны рас деп санайтын ой ағымы. Рене Декарт бұл идеяның басты ізашарларының бірі болды.

-Ақиқаттың келісілген теориясы. Когеренттік критерийіне негізделген және постулат сол шындықтар мен нанымдар жүйесіне кіретін басқа пікірге

қайшы келмеген кезде шындық деп санайтын қазіргі ағым. Рационалист ойшылдар осы теорияны қорғаушылар болды.

-Консенсус теориясы. Постулаттың критерийіне негізделген және постулатты қоғамдастықтың барлық мүшелері қабылдаған кезде шындық деп санайтын қазіргі ағым.

Объективті және субъективті шындық Шындықоләр адамның тәжірибелеріне, сенімдері мен бақылауларына тәуелді болмаған кезде объективті болып саналады атап айтқанда, ол белгілі немесе қабылданғанына қарамастан бар. Мысалы: ғылыми білім.

Шындық Ол өзінің негізін және тіршілік етуін оны тұжырымдайтын жеке тұлғаға негіздегенде субъективті болып саналады.. Субъективизм - бұл барлық шындықтар субъективті, сондықтан олар әр пәнді білу тәжірибесі мен тәсіліне негізделген деп қолдайтын ағым. Мысалы: жеке адам бастан кешірген пікірлер мен сезімдер субъективті шындық деп саналады.

Абсолютті және салыстырмалы шындық

Абсолютті шындық кез келген наным, тәжірибе немесе постулат болып саналады тарихи контекстке және мәдениетке қарамастан шынайы деп саналады оны талдау. Абсолютті белгісі едетте Құдайға және адамның табиғатына сілтеме жасайтын идеяларға жатады.

Басқа жақтан, көзқарас тұрғысынан шын деп саналатын салыстырмалы болып табылады жеке адамның немесе мәдениеттің. Релятивизм - кез-келген идеяның жалпыға бірдей шындыққа ие болмайтынын, бірақ оның шеңберінде тұрған мәніне сәйкес әр түрлі болатындығын дәлелдейтін ілім.

Шындық пен өтірік Өтірік - жеке адамның немесе топтың алдау үшін жасайтын қате постулаты немесе қандай да бір артықшылыққа қол жеткізу. Бұл тұжырымдама шындық идеясымен тығыз байланысты, өйткені өтірік арқылы кейбір материя туралы толық немесе жартылай шындық жасырылады.

Өтірікті берудің негізгі құралдарының бірі - сөздер: жеке тұлға басқаларға қате ақпаратты жеткізу үшін тілді қолданады.

Постулаттан туындауы мүмкін маңыздылық немесе салдар дәрежесіне байланысты әртүрлі өтірік түрлері бар. Үшінші тарапқа зиян келтіру үшін қолданылған өтірік қоғамдарды басқаратын барлық этикалық және моральдық канондарда айыпталып, дегенмен кейде жеке адамдар үлкен зұлымдықтан аулақ болу үшін өтірікке жүгінеді.

Өтірікке мысал ретінде жала жабу, жалған жала, жала жабу және алдау жатады.

ЖШ АҚПАРАТ

HABARLANDYRU

Ескелді ауданының өкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы Ескелді ауданының өкімдігінің 2021 жылғы 16 маусымдағы «Алматы-Өскемен» республикалық автомобиль жолының Ескелді ауданындағы 287-325 шақырымдарын салу және қайта жаңғырту мақсатында, мемлекет қажеттіліктері үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстарының басталуы туралы» №157 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №273 қаулысының қосымшасына, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының орындау парағына сәйкес, келесі жер учаскелері мемлекет қажеттілігі үшін алынатынын хабарлаймыз:

- 1) Файзуллин Ринат Файзуллаевичтің кадастрлық нөмірі 03-264-100-135 алаңы 3,0 га жайылымдық жер учаскесі түсуіне байланысты, мемлекет қажеттілігі үшін алаңы 0,0177 га жер учаскесі;
- 2) Роман Куатбекович Абылқасымовтың кадастрлық нөмірі 03-264-106-119 алаңы 2,98 га басқа да жер учаскесі түсуіне байланысты, мемлекет қажеттілігі үшін алаңы 0,2307 га жер учаскесі;

Мекен жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі №65 ғимараты, 3 қабат, 20 бөлме. Байланыс телефоны: 8 (72836) 3-17-68

«ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-СІ

Ескелді ауданы өкімдігінің 2023 жылғы 01 тамыздағы «Азамат Турсунович Тойшиновтың шаруа қожалығының кейбір шетелге көшіп кеткен немесе қайтыс болған мүшелерінің жер үлестерін иесіз мүлік ретінде есепке туралы» 156 қаулысы

Шетелге көшіп кеткен немесе қайтыс болған бірқатар мүшелерінің жер үлестері иесіз мүлік ретінде есепке алынсын: 1) Бектенова Канипаның үлесі 9,78 га оның ішінде 3,05 га суармалы, 6,73 га жайылымдық; 2) Анастасия Александровна Евсюкованың үлесі 9,78 га оның ішінде 3,05 га суармалы, 6,73 га жайылымдық; 3) Юрий Дмитриевич Карачневтың үлесі 19,56 га оның ішінде 6,10 га суармалы, 13,46 га жайылымдық; 4) Афанасий Панфилович Аникиннің үлесі 19,56 га оның ішінде 6,10 га суармалы, 13,46 га жайылымдық.

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

1,2,3,4-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ үй тапсырмасын орындауға көмектесу
- ✓ сабақ үлгеріміне көмектесу;
- ✓ логикалық ойлауын дамыту;
- ✓ көркен жазуға үйрету;
- ✓ жылдан оқуға дайындау;
- ✓ ағылшын тілін үйрету;

5,6-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Қазақ-түрік лицейлерінің емтиханына дайындық
- ✓ Назарбаев зияткерлік мектептерінің емтиханына дайындық
- ✓ Математика және логика курстары
- ✓ Ағылшын тілі курстары

7,8,9-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Барлық пәндерге, әсіресе, оқушының қиналатын пәндеріне дайындау
- ✓ Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқуға дайындау
- ✓ Үй тапсырмасын меңгеруге көмектесу
- ✓ Мектепшілік және сырттай бағалау сынақтарына дайындау
- ✓ Арнайы білім беру мекемелерінің емтиханына дайындау

10,11-сынып оқушыларына арналған курстар:

- ✓ Мектеп бітіру емтихандарына дайындық
- ✓ ЖОО-на түсу емтихандарына дайындық
- ✓ Мамандық таңдауға көмектесу
- ✓ Кез келген пәнді меңгеруге көмектесу

АРАЙ БІЛІМ
УЧЕБНИЙ ЦЕНТР

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯР-ЛЫК
- БАСТАУЫШ СЫНЫП.
- ТЖБ. БЖБ.
- КӨРКЕМ ЖАЗУ
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ
- ОРЫС ТІЛІ
- ҰБТ-ға ДАЙЫНДЫҚ
- НЗМ, КТЛ,
- 20, 24 ЛИЦЕЙГЕ
- ДАЯРЛАУ

Біздің мекен-жайымыз:
Қарабұлақ а.
Балпық би көшесі 109
Телефон: 87474287029,
87057431326 (WhatsApp)
araibilimkarabulak
(инстаграмм)

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрарционное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 832 Көлемі 2, баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ